

Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 217 "Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 8 ақпандағы № 17 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарын, "Нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүргізу қағидасын бекіту туралы" 2011 жылғы 25 тамыздағы № 964 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 217 "Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3775 тіркелген, 2015 жылғы 29 қаңтардағы "Қаратөбе өңірі" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Өмірзақовқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А. Шахаров